





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


БАКАЛАВРИАТҚА
ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім алушыларды қабылдау тәртібі	3
3	Қабылдау комиссиясының жұмысы	3
4	Оқуға қабылдау және тіркеу мерзімдері, шарттары	6
5	Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі	10
6	Қысқартылған бағдарлама бойынша оқуға қабылдау және тіркеу мерзімдері, шарттары	12
7	Апелляцияны өткізу тәртібі	13
8	Қорытынды ережелер	14




 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Бакалавриатқа қабылдау туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламаларына бакалавриатта оқытуға талапкерлерді қабылдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығымен бекітілген "Бакалавр" немесе "Магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 286 бұйрығымен бекітілген «Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ, жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» көрсетілетін мемлекеттік қызмет қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 бұйрығымен бекітілген маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларына.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

2.1 Университет бакалавриатында оқытуға құжаттарды қабылдау және оқуға тіркеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сай (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) іске асырылады.

2.2 Университетке таңдаған мамандықтарына бекітілген талаптарға сай жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

2.3 Университетке түсетін тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру грантын үлестіру, сондай-ақ, оқу ақысына білім алушылардың меншікті қаражаты және басқа көздер есебінен төлем жасалуы арқылы іске асырылады.

2.4 Бакалавриатқа оқуға тіркеу үшін тұлғаның Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) және шығармашылық емтихандар бойынша нәтижесі кемінде 75 балды құрауы тиіс. Бұл ретте ҰБТ әрбір пәні және шығармашылық емтихан бойынша нәтиже, кемінде, бес балдан кем болмауы тиіс.

2.5 Университетке барлық шығармашылық мамандықтарға қабылдау кезінде ҰБТ нәтижелері бойынша екі пән назарға алынады: оқу сауаттылығы (оқыту тілі) және мемлекеттік сертификатқа сәйкес Қазақстан тарихы.

2.6 Республикалық бюджет қаражаты есебінен күндізгі оқу нысанындағы бакалавриатқа оқуға мемлекеттік білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) және шығармашылық емтихандар нәтижелері бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар жіберіледі. Бұл ретте ҰБТ және шығармашылық емтиханның әрбір пәні бойынша кемінде бес балл жинау қажет.


2.7 Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейдегі білімді бірінші рет алса, Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

2.8 Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

3 ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

3.1 Талапкерлерді бакалавриатқа қабылдауды ұйымдастыруды және өткізуді Университеттің қабылдау комиссиясы іске асырады.

3.2 Өзінің жұмысында қабылдау комиссиясы осы Ережені, Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасын, Қазақстан Республикасы Мәдениет

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

және ақпарат министрлігінің ҚР МАМ және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ҚР ҒЖБМ бұйрықтарын, жарлықтарын және нұсқаулық хаттарын, Ұлттық бірыңғай тестілеу орталығының (ҰБТ) бағдарлық және нұсқаулық материалдарын басшылыққа алады.

3.3 Қабылдау комиссиясы университет ректорының бұйрығымен құрылады және мүшелердің тақ санынан тұрады.

3.4 Қабылдау комиссиясының құрамына кіреді:

- Университеттің ректоры;
- Университеттің проректоры;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
- профессор-оқытушылар құрамының өкілдері;

3.5 Қабылдау комиссиясының негізгі міндеттері:


- кәсіби бағдарлау жұмысы;
- Университетке түсетін азаматтардың құжаттарын қабылдау, рәсімдеу және өңдеу;
- оқуға түсушілер үшін кеңес беруді ұйымдастыру;
- шығармашылық емтихандарды дайындау және өткізу;
- емтихан комиссияларының жұмысын бақылау;
- апелляциялық комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;
- оқуға түсушілерді шығармашылық емтихандардың нәтижелерімен уақытылы таныстыру;
- оқуға түсушілер арасында конкурс өткізу;
- студенттер құрамына тіркеу туралы шешім қабылдау.

3.6 Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады.

3.7 Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы ректордың бұйрығымен Университет қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады.

3.8 Жауапты хатшы:

- қабылдау комиссиясының жұмысына ағымдағы басшылықты іске асырады;
- Ғылыми кеңестің және қабылдау комиссиясының білім алушылардың контингентін қалыптастыру мәселелеріне арналған жиналыстарына материалдарды дайындайды;
- Жастар арасында кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша кафедралар мен деканаттардың іс-шараларын үйлестіруді іске асырады;
- Кафедралардың емтихан тапсырмаларын, билеттерді, бағалау өлшемшарттарын құрастыру бойынша жұмысын үйлестіреді;
- Қабылдау кампаниясы кезеңінде ҚР МАМ, ҚР ҒЖБМ және ҰБТ құжаттарына сәйкес комиссияның техникалық мамандарының жұмысына басшылық етеді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

3.9 Комиссияның техникалық мамандары Университеттің білім беру бағдарламаларына оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша, сондай-ақ, ақылы негізде оқуға түсетін талапкерлерден құжат қабылдауды іске асырады.

3.10 Қабылдау комиссиясының шешімімен және ректордың бұйрығымен Университеттің оқытушылары мен оқу-көмекші персоналынан тағайындалады:

- техникалық хатшылар;
- бағдарламашы;
- жауапты хатшының көмекшісі.

3.11 Жауапты хатшының көмекшісі қабылдау кампаниясы кезеңінде құжаттаманың нақты және уақытылы өңделуі үшін жеке жауапкершілікті көтереді, тестілеу орталығымен байланысты қолдайды, техникалық хатшыларды және бағдарламашыны қажетті кеңсе керек-жарағымен және құрал-жабдықпен қамтамасыз етеді, жауапты хатшының тапсырмаларын орындайды.

3.12 Техникалық хатшылардың және бағдарламашылардың міндеттері ҰБТО лауазымдық нұсқаулықтарымен анықталады.

3.13 Қабылдау комиссиясы Іріктеу комиссияларының құрамын және жұмыс кестесін ұсынады, олар ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.14 Талапкерлер шығармашылық емтихандарына қатысуға рұқсат алғаннан кейін шығармашылық мамандықтарына түсушілердің жеке ісін рәсімдеу ұйымдастырылады.

3.15 Талапкерді тыңдау, оның портфолиосын, ұсынған жұмыстарын қарау және таңдалған білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша оқуға шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау арқылы талапкердің шығармашылық емтихандарға қатысуына рұқсат беруді іріктеу комиссиялары іске асырады. Іріктеу комиссиялары бітіруші кафедралардың оқытушыларынан тұрады.


3.16 Қабылдау комиссиясы талапкерлерге кеңес беруді өткізетін оқытушылардың тізімін және олардың жұмыс кестесін ұсынады, олар ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.17 Қабылдау комиссиясы бекітеді, және ректордың бұйрығымен тағайындалады:

- шығармашылық емтихандар бойынша емтихан комиссияларының төрағалары және мүшелері;
- шығармашылық емтихандар бойынша апелляциялық комиссиялардың төрағалары және мүшелері.

3.18 Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

3.19 Қабылдау комиссиясының жұмысы Университеттің Ғылыми кеңесінде қабылдаудың қорытындылары туралы есеп берумен аяқталады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

4 ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ МЕРЗІМДЕРІ, ШАРТТАРЫ

4.1 Университетке түсуге және оқуға тілек білдіретін талапкерлер өтінімдерін және құжаттарын тек Университетте беруі тиіс.

4.2 Шығармашылық мамандыққа түсетін тұлға бір ғана шығармашылық мамандықты көрсете алады.

4.3 Талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады, олардың мазмұны талапкер түсетін білім беру бағдарламасына байланысты болады.

4.4 Шығармашылық емтихандарға қатысу үшін өтініштер мен құжаттарды қабылдау:

- күнтізбелік жылдың 1-22 шілдесі аралығында;
- күнтізбелік жылдың 12-19 тамызы аралығында (ақылы негізде оқуды жоспарлап отырған талапкерлер үшін).

4.5 Шығармашылық емтихандар өткізіледі:

- күнтізбелік жылдың 25 шілдесінен 5 тамызына дейін;
- күнтізбелік жылдың 20-23 тамызы аралығында (ақылы негізде оқуды жоспарлап отырған талапкерлер үшін).


4.6 Жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін, осы Ереженің 2.4-тармағында белгіленген шекті балды жинамаған (ҰБТ нәтижелері бойынша), бейіндік пәндердің сәйкес келмейтін комбинациялары бар ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған адамдар Университетке күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде қабылданады.

Бірінші оқу жылы аяқталғанға дейін аталған тұлғалар ҰБТ-ны белгіленген мерзімде «Ұлттық бірыңғай тестілеуді» өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес қайта тапсырады.

4.7 Осы Ереженің 2.4-тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған тұлғалар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша Университеттен шығарылады.

4.8 Оқуға түсу үшін талапкер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- оқуға түсуге құжаттарды қабылдау туралы Университет ректорының атына еркін нысандағы өтінім;
- Алдыңғы білімі – жалпы орта, бастауыш кәсіптік (техникалық және кәсіптік), орта кәсіптік (ортадан кейінгі), жоғары кәсіптік (жоғары) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы және олардың қосымшалары;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3x4 см өлшемді 6 фотосурет;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік Реестрінде № 21579 болып тіркелген) электрондық пішімдегі 075/у нысан бойынша медициналық құжаттамасы;
- Кеуде қуысының флюорографиялық түсірілімі (түпнұсқасы мен көшірмесі);
- 065/у нысаны бойынша «Профилактикалық егулер картасы» (түпнұсқасы мен көшірмесі);
- электрондық үкімет порталынан алынған «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/kk/services/health_care/2Fpassport);
- электрондық үкімет порталынан алынған «Психиатрия» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (https://egov.kz/cms/kk/services/health_care/2F161_mzsr);
- Тіркелу куәлігінің немесе әскери билеттің көшірмесі (ұлдар үшін);
- Қабылдау жылының ҰБТ сертификаты.

4.9 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күнтізбелік жылының түлектері білім туралы құжаттың орнына оқу мамандығының коды мен атауын көрсете отырып, өзі оқыған білім беру ұйымы беретін ағымдағы жылы оқуды аяқтау туралы анықтаманы ұсына алады.


Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттың түпнұсқасы шығармашылық емтихандар аяқталғанға дейін қабылдау комиссиясына түсушіге ұсынылуы тиіс.

4.10 Шет тілінде берілетін құжаттардың қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған көшірмелері болуы тиіс. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға тіркелгеннен кейін бірінші оқу семестрі барысында заңнамада белгіленген тәртіпте мойындау рәсімінен өтеді.

4.11 Құжаттарға қағаз байланыстырғыш, 8 мөлдір файл, А5 өлшемді конверт қоса берілуі керек.

4.12 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға арналған конкурсқа қатысу үшін берілетін жеңілдіктер:

- жетімдер үшін: қос немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болғандығы туралы куәліктің көшірмесі, немесе ата-анасының жоқтығын растайтын басқа құжаттар (ата-анасының құқығынан айыру, шектеу, хабарсыз кеткендігін мойындау, оларды қайтыс болды деп жариялау, әрекет етуге қабілетсіз / қабілеті шектелген деп мойындау туралы сот шешімдері;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8 бет

- мүгедектер үшін: Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау бойынша комитетінің аумақтық органы берген мүгедектік туралы анықтамасы;
- қазақ диаспорасы үшін: Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат.

4.13 Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде электрондық құжаттарды қабылдау жүргізілуі мүмкін.

4.14 Кеңес берудің, шығармашылық емтихандардың кестелерін, оларды өткізу нысандарын, күнін, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін талапкерлердің назарына ұсынылады.

4.15 Шығармашылық емтихандардың кестелері Университеттің ресми сайтында жарияланады.

4.16 Шығармашылық емтихандар бейне және/немесе аудио жазу құралдарымен жаратандырылған аудиторияларда өткізіледі.

4.17 Шығармашылық емтихандарды өткізу қорытындылары баға тізімдемесімен және комиссия хаттамасымен еркін нысанда рәсімделеді, нәтижелерді жариялау үшін олар қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссияның хаттамасына төраға және барлық қатысушы мүшелер қол қояды.

4.18 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкердің аудиторияға кіруі үшін жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.


4.19 Талапкерлердің апелляцияға өтінімдері әрбір шығармашылық емтиханның нәтижелерін жариялағаннан кейін келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және оларды тиісті апелляциялық комиссиялар бір күн ішінде қарастырады.

4.20 Университет шығармашылық емтихан аяқталғаннан кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде білім беру саласындағы өкілетті органға шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу бойынша ерікті нысанда есеп береді, сондай-ақ, шығармашылық емтиханның қорытындылары туралы бұйрықтың көшірмелерін қоса береді.

4.21 Шығармашылық емтихандар мен кешенді тестілеу аяқталғаннан кейін қабылдау комиссиясы талапкерлерге білім беру гранттарын тағайындайды.

4.22 Мемлекеттік және нысаналы (бар болса) білім беру гранттарын беру ұлттық бірыңғай тестілеу мен шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес конкурстық негізде жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясы білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін жеңілдіктері бар талапкерлердің құжаттарын қосымша қарайды. Мемлекеттік тапсырыс бойынша жеңілдіктермен оқыту бөлінген квотаға сәйкес жүзеге асырылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9 бет

4.23 Балдар тең болған жағдайда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға басым құқығы болады:

- «Алтын белгі» белгісімен марапатталғандар;
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы жылдағы республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми сайыстардың жеңімпаздары (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған), таңдаған мамандығы олар жеңімпаз болған олимпиада, ғылыми сайыстардың пәніне сәйкес болса;
- Соңғы үш жылдағы республикалық және халықаралық орындаушылар конкурсының жеңімпаздары (I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған), таңдаған мамандығы олар жеңімпаз болған конкурстың пәніне сәйкес болса;
- жетім балалар және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар;
- медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сай Университетте оқуға қарсы көрсетімдері болмаған бірінші және екінші топ мүгедектері, бала жастан мүгедектер, мүгедек-балалар, жетім балалар;
- үздік білімі туралы (аттестаттар, куәліктер, дипломдар) құжаттары бар азаматтар;
- аттестатының немесе дипломының орташа балы ең жоғары болған;
- шығармашылық емтихан қорытындылары бойынша ең жоғары балл алған.


Республикалық және халықаралық олимпиадалардың, ғылыми сайыстардың, республикалық және халықаралық орындаушылар конкурсының пәндеріне сәйкес келетін мамандықтар тізімі ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бекітіледі.

4.24 Білім алушылар қатарына қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін Университет ректорының бұйрығымен жүргізеді.

4.25 Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білім грантының иегерлері шығармашылық емтихандар тапсырған Университетке қабылданады.

4.26 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы түсушіге шығармашылық емтихандарды тапсыру орнына қарамастан ақылы негізде басқа білім беру мекемесіне түсу үшін ведомостан үзінді көшірме бере алады.

4.27 Мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алатын Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы №403 "Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10 бет

білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын өтеу жөніндегі міндеттен босату қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 «"Бакалавр" немесе "Магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыс істегені туралы шарт жасасады.

5 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін университет ректорының шешімімен түсу емтихандарын өткізу кезеңіне дайындық бағыттары бойынша емтихан комиссиялары құрылады.

5.2 Емтихан комиссиясының құрамына:

- профессор-оқытушылар құрамынан Университет өкілдері;
- мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған өкіл;
- қоғамдық ұйымның өкілі;
- БАҚ өкілі.


5.3 Емтихан комиссиясы тақ саннан тұрады және Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен комиссия төрағасы сайланады. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды болып саналады. Комиссияның шешімі емтиханға қатысқандар санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.4 Шығармашылық емтихандарды өткізу нысандары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сәйкес анықталады және 5.1 кестеде келтірілген.

5.1 кесте

Шығармашылық емтихандарды өткізу нысандары

ББ тобын	Білім беру бағдарламасы	I шығармашылық емтихан	II шығармашылық емтихан
---------------------	------------------------------------	-----------------------------------	------------------------------------

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 бет


ың нөмірі	(ББ) тобының атауы		
V006	Музыка мұғалімдерін дайындау	Орындау өнері	Жалпы музыкалық қабілетті көрсету (жазбаша және ауызша)
V021	Орындау өнері	Жеке бағдарламаны орындау	Музыка теориясы және сольфеджио бойынша жазбаша және ауызша емтихан
V022	Музыкатану	Музыка әдебиеті бойынша ауызша емтихан. Музыкалық тақырыптарды орындау	Гармония және сольфеджио бойынша жазбаша және ауызша емтихан
V023	Режиссура, арт-менеджмент	Жазбаша жұмыс	Коллоквиум
V024	Өнертану	Жазбаша жұмыс: өнер туындыларын талдау	Өнер тарихы бойынша ауызша емтихан
V025	Дирижерлеу	Дирижерлеу. Коллоквиум	Гармония және сольфеджио бойынша жазбаша және ауызша емтихан
V026	Композиция	Өзінің шығармаларын көрсету. Коллоквиум	Гармония және сольфеджио бойынша жазбаша және ауызша емтихан
V027	Театр өнері	Актерлік шеберлік, сахна тілі	Би, вокал немесе коллоквиум
V030	Бейнелеу өнері	Сурет, кескіндеме	Композиция
V031	Мода, дизайн	Сурет, кескіндеме	Композиция

5.5 Қабылдау комиссиясы емтихандық жазбаша/шығармашылық жұмыстарды шифрлауды және шифрларын ашуды өткізеді.

5.6 Әрбір шығармашылық емтиханға талаптар, баға өлшемшарттары кафедра жиналыстарында талқыланады және Ғылыми кеңесте бекітіледі.

5.7 Шығармашылық емтихандар бойынша емтихан билеттерін, тапсырмаларды бітіретін кафедралар әзірлейді және оларды қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

5.8 Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалы беріледі және парақтарды ресімдеуге ұсынылатын тәртіп

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12 бет

түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

5.9 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білімі бар талапкерлер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.10 Шығармашылық емтиханның бірінен 5 балдан төмен алған немесе дәлелді себепсіз қатыспаған талапкерлер келесі шығармашылық емтиханға, кешенді тестілеуге, сондай-ақ, тіркеу бойынша конкурсқа жіберілмейді.

5.11 Шығармашылық емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шығармашылық емтихандар үшін алған балдардың дәстүрлі бағаларға сәйкестігі 5.2 кестеде келтерелген.

5.12 Қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихан кезінде тыйым салынған заттарды (ақпараттық материалдар, электронды жазба кітапшалары, калькуляторлар, ұялы телефондар, пейджерлер және басқа коммуникация құралдары) пайдаланған талапкерлердің нәтижелерін жою жөнінде шешім қабылдайды (хаттама рәсімдеумен қоса).

5.13 Қабылдау комиссиясы шығармашылық емтихандардың нәтижелерін олар өткізілген күні жариялайды.

6 ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ МЕРЗІМДЕРІ, ШАРТТАРЫ


6.1 Білім алушы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі болған жағдайда қысқартылған мерзімде жоғары кәсіптік білім алуына болады.

6.2 Қысқартылған білім беру бағдарламалары (БББ) бойынша жоғары кәсіптік білім алу күндізгі нысанда білім алушының меншікті қаражаты бойынша іске асырылады.

6.3 Ұқсас мамандықтар бойынша, сонымен қатар, дайындық бейініне сәйкес келмейтін мамандықтар бойынша да жоғары кәсіптік білімі бар тұлғалар ҚББ бойынша жоғары кәсіптік білім алуына болады.

6.4 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқытуға тек қана ұқсас мамандықтар бойынша білімі бар білім алушылар қабылданады.

6.5 Ұқсас немесе дайындық бейініне (бағытына) сәйкес мамандықтар ретінде жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларына мазмұны бойынша жақын (алатын білімі, оқуы, дағдылары мен біліктілігі бойынша сәйкес) білім беру бағдарламалары саналады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13 бет

6.6 ҚББ бойынша оқытуға қабылдау туралы шешімді осы дайындық бағыты бойынша мамандарды оқытып шығаратын кафедраның өкілі міндетті түрде мүшесі болуы тиіс арнайы комиссия қабылдайды.

6.7 Комиссия талапкерді тыңдау нәтижесінде және/немесе олар орындаған сурет, фотосурет, аудио және бейне жазбалар, т.б. электрондық, сондай-ақ, басып шығарылған түрдегі жұмыстар жинақталуымен ұсынылған портфолио негізінде оған шығармашылық емтихан тапсыруға рұқсат беру жөнінде шешім қабылдайды.

6.8 Талапкердің пәндік дайындығының мазмұны сәйкес келмеген жағдайда (өнер саласында мамандар дайындау ерекшелігіне байланысты) БББ бойынша оқытуға талапкердің дайындық деңгейі сәйкес келмеуі туралы комиссия мәжілісінің хаттамасы негізінде оған Университеттің бірінші курсына қалыпты тәртіпте оқуға түсуге ұсыныс беріледі.

6.9 Білім алушыларды қабылдау комиссияның ұсыныстары және Университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихандардың нәтижесі бойынша іске асырылады. Бұл ретте оқу курсы анықтауда дайындық бағыты, талапкердің алдыңғы игерген білім беру бағдарламасының бейіні, сондай-ақ, оқу және шығармашылық жетістіктері назарға алынады.

6.10 ҚББ бойынша Университеттің барлық білім беру бағдарламаларына түсу үшін бір шығармашылық емтихан өткізіледі. Шығармашылық емтиханды екі кезеңде өткізуге рұқсат етіледі.

6.11. Қысқартылған оқыту мерзімдері қарастырылатын жоғары білім мамандарын дайындаудың ұқсас бағыттары бойынша талапкерлердің шығармашылық емтихандары 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.


6.12 Шығармашылық емтиханды екі кезеңде өткізуде баға 20 балдық жүйе бойынша әр кезең үшін жеке түрде қойылады. Қорытынды баға ретінде қойылған екі бағаның орташа арифметикалық шамасы алынады.

6.13 Шығармашылық емтихан бойынша 5 балдан кем баға алған немесе емтиханға келмеген адамдар ББ-ға түсу үшін жіберілмейді.

6.14 Шығармашылық емтихан бойынша 5 балдан кем баға алған тұлғалар қысқартылған оқу нысаны бойынша ББ-ға түсу үшін жіберілмейді. Оларға бірінші курстан бастап Университетке толық оқу цикліне түсу ұсынылады.

7 АПЕЛЛЯЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

7.1 Емтихандарды өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Университет ректорының бұйрығымен құрамы оның төрағасын қоса алғанда, мүшелердің тақ санынан тұратын апелляциялық комиссиялар құрылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

7.2 Апелляциялық комиссияның құрамына емтихан комиссиясының мүшелері кірмейді.

7.3 Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі береді, шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

7.4 Апелляция келесі ескертулер болған жағдайда өткізіледі:

- емтиханды өткізу рәсімін бұзу – бұл сөз сөйлеу кезінде тоқтату, жазбаша емтиханды өткізу мерзімін қысқарту;
- тапсырманың дұрыс емес тұжырымы болады;
- тест тапсырмаларында дұрыс жауап жоқ немесе бірнеше дұрыс жауаптар бар, ал нұсқаулықта оқушыға жалғыз дұрыс жауапты таңдау ұсынылады;
- емтихан алушылардың талапкердің жазбаларын, түсіндірмелерін және басқа материалдарын дұрыс түсіндірмеуі.

7.5 Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

7.6 Апелляцияларды қарау барысында жауап, сөз сөйлеу, көрсету үшін баға қоюдың дұрыстығы ғана тексеріледі. Апелляция қайта емтихан тапсыру емес.


7.7 Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

7.8 Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысып отырған мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

8 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

8.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	7-нұсқа: 27.03.2024
	БАКАЛАВРИАТҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	15 бет

ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Ереженің 4.4, 4.5, 5.4-тармақтарына Ғылыми кеңестің 30.05.2024 ж. шешімімен (№10 хаттама) өзгерістер енгізілді.

**СМЖ және стратегиялық жоспарлау
бөлімінің басшысы**

Г.Ш. Солтанбаева

